

## **Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 20 маусымдағы № 17/2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 маусымда № 28553 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 2-10) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысымен бекітілген шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларының 5-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда - болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихаты  
хатшысының уақытша міндеттерін атқарушы*

*Р. Садықов*